

МАҚҰЛДАНДЫ  
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің Кадрлар және  
сыйақылар жөніндегі комитетінің  
2023 жылғы «30» *сәуірсәуір*  
шешімімен (№ 5 хаттама)

БЕКІТІЛДІ  
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2023 жылғы «13» *сәуірсәуір*  
шешімімен (№ 9 хаттама)

ӨЗГЕРІСТЕР/ТОЛЫҚТЫРУЛАР


№	1	Күні	<i>13.06.2023</i>
---	---	------	-------------------

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ		
Құжатты белгілеу	Құжаттың атауы	Енгізілген күні
ЭҚО АҚ	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджері туралы ереже	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі шешімі (№ 6 хаттама)

№1 ТОЛЫҚТЫРУЛАР МАЗМҰНЫ

Толықтырылатын бөлім, т., тт., кесте	Толықтырулар мәтіні
1-бөлім	мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын: «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.»
6-бөлімнің 15-тармағы	мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын: «40) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау.»

Өзірлеген:

Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
<i>Ш.Қ. Тұраш</i>	<i>Комплаенс-менеджер</i>	

<b>№1 ТОЛЫҚТЫРУЛАР МАЗМҰНЫ</b>	
<b>7-бөлімнің 16-тармағы</b>	мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын: «7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау шеңберінде Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға қол қою.».
<b>7-бөлімнің 17-тармағы</b>	мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын: «6) Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберу; 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы жеткізу; 8) Қоғамның Басқарма Төрағасы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну.».
<b>8-бөлім</b>	мынадай мазмұндағы 24 тармақпен толықтырылсын: «24. Комплаенс-менеджер комплаенс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.».
<b>9-бөлім</b>	мынадай мазмұндағы 28 және 29-тармақтармен толықтырылсын: «28. Егер Заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Директорлар кеңесі немесе Қоғамның Басқармасы бекітеді. 29. Ереже Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.».

Әзірлеген:

Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
Ш.Қ. Тұраш	Комплаенс-менеджер	